

Облыстық бюджет және Ақтөбе қаласы, аудандар бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 73 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 қаңтарда № 5190 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 45-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 29 қарашадағы "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 01.03.2019 № 381 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі облыстық бюджет және Ақтөбе қаласы, аудандар бюджеттерінің арасында абсолюттік мәнімен жылдар бойынша бөліне отырып, үш жылдық кезеңге 2017-2019 жылдарға айқындалсын.

2. Ақтөбе қаласы, аудандар бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар:

1) 2017 жылға сомасы 4 948 000 мың теңге, оның ішінде:

Ақтөбе қаласына 2 919 000 мың теңге;

Мұғалжарға 2 029 000 мың теңге.

2) 2018 жылға сомасы 5 983 000 мың теңге, оның ішінде:

Ақтөбе қаласына 3 750 000 мың теңге;

Мұғалжарға 2 233 000 мың теңге.

3) 2019 жылға сомасы 7 655 000 мың теңге, соның ішінде:

Ақтөбе қаласына 4 995 000 мың теңге;

Мұғалжарға 2 660 000 мың теңге сомасында белгіленсін.

3. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар көлемі:

1) 2017 жылға сомасы 22 286 000 мың теңге, оның ішінде:

Әйтекебиге 2 372 000 мың теңге;

Алғаға 2 685 000 мың теңге;
Байғанинге 138 000 мың теңге;
Бірғызға 2 195 000 мың теңге;
Қарғалыға 1 909 000 мың теңге;
Мәртөкке 3 129 000 мың теңге;
Темірге 964 000 мың теңге;
Ойылға 2 504 000 мың теңге;
Қобдаға 2 792 000 мың теңге;
Шалқарға 3 598 000 мың теңге сомасында белгіленсін.

2) 2018 жылға сомасы 22 814 000 мың теңге, оның ішінде:

Әйтекебиге 2 429 000 мың теңге;
Алғаға 2 733 000 мың теңге;
Байғанинге 121 000 мың теңге;
Бірғызға 2 282 000 мың теңге;
Қарғалыға 1 970 000 мың теңге;
Мәртөкке 3 222 000 мың теңге;
Темірге 930 000 мың теңге;
Ойылға 2 629 000 мың теңге;
Қобдаға 2 780 000 мың теңге;
Шалқарға 3 718 000 мың теңге сомасында белгіленсін.

3) 2019 жылға сомасы 22 588 000 мың теңге, оның ішінде:

Әйтекебиге 2 422 000 мың теңге;
Алғаға 2 732 000 мың теңге;
Бірғызға 2 278 000 мың теңге;
Қарғалыға 1 987 000 мың теңге;
Мәртөкке 3 255 000 мың теңге;
Темірге 772 000 мың теңге;
Ойылға 2 676 000 мың теңге;
Қобдаға 2 810 000 мың теңге;
Шалқарға 3 656 000 мың теңге сомасында белгіленсін.

4. Жалпы сипаттағы трансферттер көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына осы шешімге 1, 2 қосымшаларға сәйкес іс-шаралардың қосымша енгізілгені ескерілсін.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде ескерілген шығыстар көлемі тиісті жергілікті бюджеттерде осы шешімге 1, 2 қосымшаларда белгіленгеннен төмен емес көлемде көзделуге тиіс екендігі белгіленсін.

5. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша енгізілген профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ, инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспанда) қаражаттар

МЫҢ ТЕҢГЕ

№	Атауы	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
	Барлығы:	2 416	2 416	2 416
	оның ішінде:			
1	Ақтөбе қаласы	2 416	2 416	2 416

Облыстық мәслихаттың
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 73 шешіміне 1- қосымша

2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін анықтаған кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына қосымша енгізілген, халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге қаражаттар

МЫҢ ТЕҢГЕ

№	Атауы	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
	Барлығы:	240 488	243 566	245 745
	оның ішінде:			
1	Ақтөбе қаласы	55 854	58 932	61 111
2	Әйтеке би ауданы	14 181	14 181	14 181
3	Алға ауданы	12 660	12 660	12 660
4	Байғанин ауданы	15 464	15 464	15 464
5	Ырғыз ауданы	15 959	15 959	15 959
6	Қарғалы ауданы	13 732	13 732	13 732
7	Мәртөк ауданы	16 048	16 048	16 048
8	Мұғалжар ауданы	17 953	17 953	17 953
9	Темір ауданы	14 973	14 973	14 973
10	Ойыл ауданы	16 395	16 395	16 395
11	Хромтау ауданы	15 046	15 046	15 046
12	Қобда ауданы	12 906	12 906	12 906
13	Шалқар ауданы	19 317	19 317	19 317

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК